

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ЮНИСЕФ ұйымының Қазақстандағы өкілдігінің басшысы Артур ван Дизенмен кездесті.

ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ ЮНИСЕФ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Ұлы Даламызда ұлттық сөздің туын көтерген тұлғалар аз болған жоқ. Арғы кезеңнен жеткен жыраулық сарын мен ақындық айдынды екі қоғамдық формацияның кезеңінде ара жігін білдірмей, сөз жүйесін бүлдірмей, түгел сөздің түбі бір қасиетін барынша көрсеткен ұлы жырау-ақын Жамбылдың даңқы қазақ халқының мерейі мен мәртебесі болды. Сыналар жерге келгенде санадан сөз суырып, елдің еңсесін, тыңдаушының танымын биікке көтерген Жамбылдың әр кезеңдегі мерейтойлары халықтық қазына ретінде аталып келеді. Ұрпақтар сабақтастығын ұлы өнерімен жалғаған жыраудың соңында қалдырған мол мұрасы қай кезде де ұлтымыздың рухани қазынасы екені даусыз. Сондықтан Жамбыл туралы сөз – қазақ сөзінің қасиеті туралы сөз.

ДАЛАЛЫҚ

МӘДЕНИЕТТІҢ ДАРАБОЗЫ

Тәуелсіздігіміздің салтанатты 30 жылдық мерекесі қарсаңында аталып өтер үлкен игі-шараның бірі – жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойы. Жыр дүлдүлі Жамбыл Жабаевқа деген қазақ халқының шексіз құрметін, ыстық ықыласы мен ілтипатын тәуелсіздік идеясы тұрғысынан қайта сараптап, зерделеудің уақыты келді. Ақын қалдырған атақты әдеби мұралардың алтын арқауын саралағанда олардың өн бойынан азаттық ойдың ұшқыны айқын көрінеді.

Жамбыл ақындығының танымдық-тағылымдық жоғарғы мәні сол – ол бүгін де бізбен бірге. Ол біз үшін өнерге, жалпы ұлтқа талмай қызмет етудің мәңгі жасайтын үлгісі болып қала береді. Тұңғыш Президент – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұлы жырау жайлы былай деген еді: «Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның себебі, Жамбыл арманының адамзаттық арман-аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да, қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз. Қазақ халқы барда, оның тілі мен діні аман тұрғанда, адалдық пен адамдықтың, әділеттілік пен ізгіліктің жаршысы – Жамбыл да мәңгі жасай бермек».

Жалғасы 2-бетте

ҚАЗҰУ ҒАЛЫМДАРЫ ҮНЕМДІ ШАМНЫҢ ЖАҢА ТҮРІН ОЙЛАП ТАПТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары ерекше шам ойлап тапты. Инновациялық өнімнің басты артықшылығы – шамның нарықтағы құны төмен, жарық беру қуаты қарапайым шамға қарағанда үш есе күшті және адам денсаулығына тигізетін кері әсері жоқ.

Ерекше шам ҚазҰУ жанындағы Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасында жасалған.

Жоба авторлары – физика-математика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мерлан Досболаев, университеттің жас ғалымдары Сағи Оразбаев, Ерболат Үсенов, Алмасбек Өтегенов және Айзада Қожахметова.

Жалғасы 3-бетте



Жүздесу барысында тараптар ынтымақтастықты одан ары нығайту жолдарын талқылап, бірқатар мәселелерді ортаға салды.

Алғаш болып сөз алған ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев оқу орны Біріккен ұлттар ұйымының және оның еншілес ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатқандығын атап өтті.

– әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – әлемдегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Қарашаңырақ ҚазҰУ білім беру, ғылымды дамытуға ерекше маңыз береді. 2014 жылдан бері университет Біріккен ұлттар ұйымының Тұрақты даму бойынша «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабы болып табылады. Сонымен қатар білім ордасы көптеген халықаралық академиялық алаңдарда тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға өз үлесін қосуда, – деп атап өтті Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ ҚазҰУ ректоры оқу орны мен ЮНИСЕФ ұйымының арасындағы өзара серіктестік аясында атқарылған жұмыстарға да тоқталды.

– Сіздердің ұйымдарыңызбен бірлесіп университетте көптеген халықаралық деңгейдегі жиындар өтіп, бірнеше жобалар сәтті жүзеге асырылды. Алдағы уақытта да осы тараптағы жұмыстарымызды жалғастыруға ниетті екендігімізді жеткізім келеді, – деді ҚазҰУ ректоры.

Өз кезегінде Артур ван Дизен ЮНИСЕФ-тің маңызды міндеттері турасында әңгімеледі.

– ЮНИСЕФ үшін маңызды міндеттердің бірі – Қазақстанда және әлемде балаларға қолайлы орта қалыптастыру және білім алуға мүмкіндік тудыру. Осы орайда біздің Сіздердің университеттеріңіздің Ғылыми-технологиялық паркімен бірлесіп іске асырған

«UniSat» білім беру жобасының мәні мен маңызы ерекше. 2020 жылы іске қосылған жобаның мақсаты – наноспутниктерді әзірлеу бойынша қыздардың білімі мен құзыреттілігін дамыту. Сондай-ақ жоба командада жұмыс істеу, көпшілік алдында сөйлеу, тайм-менеджмент және креативтілік сияқты дағдыларды жақсартуға ықпал етеді, – деді Артур ван Дизен.

Әлемдік ұйымның өкілі өз сөзінде ҚазҰУ-мен арадағы ынтымақтастықты жоғары бағалайтынын жеткізді.

Бір бұл ғана емес. Бүгінде ҚазҰУ-дың Философия және саясаттану факультетінде ЮНИСЕФ-тің қолдауымен халықаралық жоба жүзеге асырылуда. «Әлеуметтік қызметкерлер мен мамандарды диплом алғанға дейінгі және диплом алғаннан кейінгі даярлау мен қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламаларын жетілдіру» атты жоба бойынша әлеуметтік қызметкерлерді дайындау қолға алынып отыр.

Бұл жоба ЮНИСЕФ-тің балалар құқықтарын нығайту және сапалы әлеуметтік қызметтер – денсаулық сақтау мен сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету миссиясымен үндес.

Жиынды қорытындылаған Жансейіт Түймебаев БҰҰ-ның Жаһандық хабы ретінде университет аталған жобалар бойынша жұмысты ары қарай жалғастыратынын жеткізді.

– Жоғары оқу орны ретінде біз Бала құқықтары туралы Конвенцияны сапалы іске асыру жөніндегі ЮНИСЕФ-тің барлық бастамаларын қолдауға дайын екенімізді білдіреміз. Алдағы уақытта осы тараптағы нақты жұмыстарға маңыз беретін боламыз, – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз тілшімізден

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



3-бет

ТҮРКІ ТАРИХЫ ЗЕРДЕЛЕНЕДІ



4-бет

МЕЖДУНАРОДНАЯ ОНЛАЙН-ШКОЛА В МЭИ



8-стр.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



жұмыс жасауға бейімделген. Болашақ мамандар білім алу барысында жаңа вирустардың түрлерін, оларды зерттеу әдістері мен түрлі сипаттарын анықтауға машықтанады. Сондай-ақ зертханада білімгерлер диагноз жасауға және зерттеуге дағдыланбақ.

Өз кезегінде Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты түлектерді жұмыспен қамтамасыз етіп, жас мамандарды вирусология, биология және биотехнология салалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткізеді.

– Алдағы уақытта біздің ғылыми-

зерттеу институтының жанынан арнайы диссертациялық кеңестер ашылады. Сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жан-жақты жүргізуге және білім алушыларға әдістемелік көмек көрсетуге шетелдік ғалымдар тартылатын болады. Өз кезегінде бұл бастама кадр тапшылығын жоюмен қатар, білікті де білімді мамандар мектебінің қалыптасуына ықпал ететін болады, – дейді Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұлу Закарья.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұлу Закарья өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Келісімге сәйкес, алдағы уақытта ҚазҰУ аталған институтпен бірлесіп, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша вирусолог мамандарын даярламақ.

Коронавирус індеті кезінде Қазақстанда эпидемиология және вирусология саласындағы мамандар тапшылығы сезілгені жасырын емес. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында еліміздегі жетекші жоғары оқу орны Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтымен бірлесіп, білікті мамандар даярлауды қолға алды.

Кездесу барысында тараптар осы бағыттағы ынтымақтастықты арттырудың маңызына тоқталып, алдағы жоспарлармен бөлісті.

– Елімізде алғаш рет ҚазҰУ-дың Биология және биотехнология факультетінде вирусолог мамандары даярланатын болады. Сонымен қатар кадрларды дайындауға Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының арнайы зертханалары да үлес қосады. Бұл бастама – саладағы бірқатар түйіткілді мәселелерді оңтайлы шешуге өз септігін тигізбек, – деп атап өтті ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Осы орайда айта кетейік, «Вирусология» білім беру бағдарламасы практикалық оқуға басымдық береді. Оқу процесінің басым бөлігі зертханалық жағдайда

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Life after COVID-19» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өз жұмысын бастады.

Екі күнге жоспарланған конференцияны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма басшысы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, COVID-19 пандемиясынан туындаған жаһандық өзгерістерге байланысты біздің елдің тиісті шараларды дер кезінде қабылдағанын және індетке қарсы күресті жалғастырып отырғандығын атап өтті.

Университет басшысы сонымен қатар еліміздің жаңа геосаяси жағдайдағы ұзақ мерзімді дамуының маңыздылығына мән беріп, медицина саласында университет атқаруы тиіс нақты шараларға тоқталды.

– Университет дәрігерлерді дайындау сапасын арттыру, ҚазҰУ-дағы үздік ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру жұмыстарын табысты жүргізіп келеді және болашақта да жалғастыратын болады. Конференцияның басты мақсаты – COVID-19 бойынша тәжірибе мен білік алмасу. Конференция нәтижелері қазіргі Қазақстан медицинасы ғылымына пайдалы болады деп сенемін» деді ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Шара ұйымдастырушылары – Медицина және денсаулық сақтау факультетінің Медицина жағары мектебі. Конференцияға «Neuroscience» инфекционистер, неврологтар қауымдастығы, Алматы қаласының «Қалалық респираторлық қоғамы», «Медициналық зертханалық диагностика және сараптамалардың Орталық Азия бірлестігі», «Артериялық гипертензия және кардиоваскулярлық алдын алу бойынша мамандар қоғамы» сынды

КОРОНАВИРУСКЕ ҚАРСЫ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



кәсіби медициналық қауымдастықтар қолдау білдіріп, практикалық дәрігерлер, ғылыми қызметкерлер, ЖОО оқытушылары, студенттер, аспиранттар және ғылыми орталықтар мен университеттердің жас ғалымдары қатысуда. Пленарлық отырыста сөз алған медицина ғылымдарының докторы, профессор, АИТВ-жұқпасы және қауымдастырылған аурулар кафедрасының жетекшісі Жанна Трумова әлемдегі инфекциялық аурулардың, оның ішінде ковид инфекциясының таралу деңгейіне сараптама жасады. Ғалым жалпы инфекциялық аурулардың бүкіл әлемге қауіп төндіріп отырғандығын айта келе, коронавирус бойынша Қазақстан, ТМД және әлем елдеріндегі статистиканы алға тартты. Ол бүгінгі таңда індетке қарсы әлем ғалымдарының күш жұмылдырып отырғандығын ерекше атап өтті. «Коронавирус инфекциясы толқымалы сипатқа ие. Екпе салу кең ауқымда жүзеге асуда. Демек, бар әлем коронавирус инфекциясын ауыздықтауға барын салуда», деді Жанна Зиापеденқызы.

Сондай-ақ шарада АҚШ, Ұлыбритания, Израиль, Италия, Ресей елдерінің белгілі ғалымдары, отандық жетекші ғалымдар сөз сөйлеп, эпидемиология, клиника және COVID-19 инфекциясын анықтау, вакцинопрофилактика, асқынған қабынуға қарсы және ковидтан кейінгі синдромның маңызды мәселелерін ортаға салды. Covid-19 пандемиясы кезеңінде балалар мен жүкті әйелдерге, жүрек-қан тамырлары аурулары бар коморбидті пациенттерге медициналық көмек көрсету, оңалту мәселелері төңірегінде ой бөлісті.

Пленарлық отырыстан кейін конференция жұмысы секциялық отырыстарда жалғасын тапты. Шара аясында тақырыптық симпозиумдар, жас ғалымдар байқауы, «Neurology Update in Kazakhstan 2021» EAN-Day in Kazakhstan» халықаралық неврологиялық білім беру форумы жоспарланып отыр.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

■ QYSQA-NUSQA

«7R nemese Zero Waste tujryrmdamasy stilinegi ómir». Osyndaı ataýmen ál-Farabi atyndaғы Qazaq ulttyq ýniversitetinde pikirsays ótti. Is-sharaға Himia jáne himialyq tehnologia fakúltetiniń jas ǵalymdary men oqytýshylary qatysty.

Pikirtalas barysynda tabıǵı resýrstarıdy ekologialyq zıandy jaqtaryn eskere otyryp taza tutynýǵa, turmystyq qaldyqtardy barynsha azaitýǵa, qajetsiz jáne bir rettik zattardan bas tartýǵa baǵyttalǵan Zero Waste («Nóldik qaldyqtar») tujryrmdamasy talqylady.

Jynǵa sarapshy retinde qatysqan «Qazatomónerkásip» ulttyq kompaniasynıń Ekologialyq zertteýler zerthanasynıń basshysy E. Panov qatysyp, taqyryp tóńireginde óz oilarymen bólisti.

Ol óz sózinde Zero Waste tujryrmdamasynıń jeti negizgi qaǵıdasy týraly jáne jeke tájirbesi turǵysynan qaldyqtardy kádege jaratý men ony durys paidalanýdy jan-jaqty túsindirip berdi.

Sondaı-aq jas ǵalymdar jinalǵan túrli qoqystardy durys suryptaý máselelerin de talqylady. Uıymdastyrýshylar Almatydaғы qoqysty qaita óndetin oryndardyń mekenjailary men bailanystary týraly aqparatpen bólisti.

Shara qatysýshylary ekologialyq qaýypsiz ónimder men zattardy satyp alýǵa bolatyn segiz instagram-dúkenderiniń jumystary týraly da baıandap berdi. Jyn sońynda spikerler tarapnan qatysýshylarǵa kúndelikti ómirde qorshaǵan ortanyń lastanýyna jol bermeitin 17 óntaly ádetti paidalaný týraly aqparat berildi.

«7R nemese Zero Waste tujryrmdamasy stilinegi ómir» taqyrybyndaғы is-sharanyń tolyq beıne nusqasyn myna siltemeden kóre alasyz: <https://www.youtube.com/watch?v=DfPTSchqeHg&t=2284s>.

Halyqaralyq UNESCO uıymynyń sheshimimen 2021 jyl Túrik sopylыq mektebiniń negizin qalaýshy, uly aqyn Iynýs Emreniń 780 jyldyǵyna baıanysty «Iynýs Ámre jly» bolyp jarıalandy. 2021 jyldyń 21 sáýirinde Ál-Farabi atyndaғы Qazaq Ulttyq ýniversiteti, Shyǵystaný fakúlteti, Túrksoı kafedrasynnda «Túrkı álemindegi túrkińiń uly aqyny Iynýs Ámreniń orny» atty arnayı ǵylım halyqaralyq konferensia ótti.

Shyǵystaný fakúltetiniń dekany, PhD Yqtar Paltóre Moldatóreuly konferensiany ashyp, qatysýshylarǵa jly lebizin bildirdi. Budan keıin Túrkıa Respýblikasynıń Almaty qalasyndaғы Bas konsýldyǵy janyndaғы bilim jónindegi attashesi Mahmut Áǵyrman sóz alyp, uly aqynnyń túrkı álemindegi tarıhı orny týraly qysqasha aityp berdi. Osy konferensiany uıymdastyrýshylardyń biri, Eskişehir Osmangazi ýniversiteti, túrk tili men ádebieti kafedrasynıń profesory Erdoǵan Boz «Yunus Emre'de Uyarı Dili» atty baıandamasyn usyndy. Túrksoı kafedrasynıń meńgerýshisi, PhD Úmit Tursynbaıqyzy Qydyrbaeva konferensiaǵa qatysyp otyrǵan jas ǵalymdar men izdenýshilerge sáttilik tiledi. Túrkıa ǵalymdary Mýǵla Sytky Kochman ýniversiteti, Ádebiet fakúltetiniń dekany, profesor Alı Akar «Türk Dili Tarihinde Yunus Emre», PhD Emin Oba «Yunus Emre'nin Şiirlerinden Kazakçanın Söz Varlığına Genel Bir Bakış» atty baıandamalarynda uly aqyn Iynýs Ámreniń búkil túrkı álemine yqpalı týraly baıan etti. Konferensiyada profesorlardan bastap magistrant, doktoranttar uly tulǵa Iynýs Ámreniń túrkı órkenietindegi orny, ómiri men shyǵarmashylyǵy, tarıhtaғы orny, túrkı halyqtarynyń sopylыq ilim boıynsha tyń izdenisterimen bólisti. Konferensia onlain túrinde ótse de, aryqsha tanymy mol, óz maqsatyna jetti jáne baıandama jasaýshylarǵa sertifikatтар onlain túrinde tabystaldy.

Жалғасы. Басы 1-бетте

ҚАЗҰУ ҒАЛЫМДАРЫ ҮНЕМДІ ШАМНЫҢ ЖАҢА ТҮРІН ОЙЛАП ТАПТЫ



Ғалымдардың айтуынша, шамды жасап шығару технологиясында айтарлықтай өзгеріс жоқ. Ең бастысы – энергияны үнемді пайдалануға басымдық беру және ресурстарды ұтымды әрі тиімді пайдалану.

– Бұл инновациялық өндірістің басты ерекшелігі – люминесцентті шамдардың техникалық сипаттамаларын жақсартатын нанобөлшектерді қосу технологиясына негізделген. Ол үлкен шығынды қажет етпейді. Бұл технологияның Қазақстанда баламасы жоқ. Біздің өнімнің басты ерекшелігі мен жаңалығы осында. Энергия үнемдегіш шамның үлгілері барлық сынақтардан сәтті өтіп, арнайы сертификаттарға ие болды, – дейді жоба авторларының бірі Мерлан Досболаев.

Бүгінде университеттің Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты жылына үш мың шамға дейін шығаруға қауқарлы. Шамдардың формалары мен үлгілері де әртүрлі. Ғалымдардың болжамынша, жылына 200 мың дана өнім өндіруге мүмкіндік бар.

– Жоғары сапа, өнімнің нарықтағы құнының төмендігі мен шамның инновациялық компонентінің болуы – оның бәсекелік қабілетін арттырады, – дейді жоба авторлары.

Идея авторларының бірі – ҚазҰУ-дың постдокторанты және институттың аға ғылыми қызметкері Сағи Оразбаев. Ол Франция, Германия, Венгрия, Жапония, Ресей, Беларусь елдерінің көптеген жетекші ғылыми орталықтарындағы ғалымдармен тығыз шығармашылық қарым-қатынас жасайды. Оның 100-ден аса ғылыми жұмысы шетелдік басылымдарда жарияланған. Сондай-ақ ол 4 инновациялық патент пен бір

Еуразиялық патенттің иегері. Сағи Оразбаев Францияның Орлеан техникалық университетінде ғылыми тағылымдамадан өткен. Ізденуші жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған Д.А. Қонаев атындағы сыйлықтың және талантты жас ғалымдарға арналған Ғылыми стипендияның және «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» дипломының иегері. Сондай-ақ бірнеше үздік жобалардың жеңімпазы.

Ал PhD доктор Алмасбек Өтегенов Вигнер атындағы Венгрия академиясында және Жапонияның Киото технологиялар институтында ғылыми тағылымдамалардан өткен. Бірнеше рет беделді халықаралық конференцияларда баяндамалар жасаған. Ол – жас ғалымдарға арналған Д. А. Қонаев атындағы сыйлықтың және талантты жас ғалымдарға арналған Ғылыми стипендияның иегері. Бірнеше өнертабыс патентінің авторы.

Айта кетейік, ерекше шамды шығарған Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты физиканың әртүрлі саласында ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізеді. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды атқаруда үлкен тәжірибелері бар институт қызметкерлері 500-ден астам патент пен авторлық куәліктердің авторлары. Институт жаратылыстану ғылымдары саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша белсенді жарияланымдар жағынан да үнемі алдыңғы орында.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА



Биыл – Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылғанына 100 жыл. Атаулы датаға орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы түрік халықтарының мемлекеттіліктерін қалыптастыру жолындағы күрес тарихы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

ТҮРКІ ТАРИХЫ ЗЕРДЕЛЕНЕДІ

ҚазҰУ мен Түркияның Хаджеттепе университеті жанындағы Ататүрк институтымен бірлесіп ұйымдастырылған онлайн режимдегі басқосуға қоғам қайраткерлері, тарихшылар мен отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты.

Жиынды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Серік Мұхамбетжанов ашып, оқу орнының Басқарма төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың конференция қатысушыларына жолдаған құттықтау хатын оқып берді.

Өз кезегінде Түркияның ЮНЕСКО-дағы өкілі, профессор Оджал Огуз жиынның мәні мен маңызына тоқталды.

– Екі ғылыми іргелі мектептің ортақ жұмыстың ойлар мен жаңа бастамаларға жол ашып, түркі болары даусыз. Қазіргі кезде аса өзекті мәселелердің бірі – түркі халықтарының тілі мен ділі, олардың тілдік ерекшелігі мен бірігу мәселесі, – деді өз сөзінде Оджал Огуз.

Сондай-ақ ол бүгінгі таңда ЮНЕСКО ұйымы халықтардың мәдени-құндылықтарын зерттеу және насихаттау бағытында ілкімді жұмыс істеп отырғандығын алға тартты.



Түркиялық ғалым түркі халықтарының жаһандану заманындағы ең үлкен міндеті ынтымақтастық екендігін атап өтіп, болашақта атқарылатын жұмыстарға нақты міндеттер қоюды ұсынды.

Ал тарих ғылымдарының докторы, академик Талас Омарбеков алқалы басқосудың ғылыми бағытына назар аударып, тақырып төңірегінде өзіндік пайымымен бөлісті.

– Ресей империясының отары болған қазақ елінің өз мемлекеттігіне қол жеткізуі оңай болған жоқ. Отарлық езгіде көп уақыт болған халықтың жеке мемлекет құруға деген мүмкіндігі де төмендеп кеткен еді. Алайда Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары Ресейдегі билеуші Романов әулетін тақтан құлатқан 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Ресей демократиялық-федеративтік мемлекетке айналатын болса, оның құрамындағы көптеген ұлттар тәрізді қазақ халқы да бүкілресейлік құрылтай жиналысына қатысып, өзінің мемлекеттік автономиясына бейбіт жолмен қол жеткізе

алады деп үміттенді. Сондықтан да желтоқсан айында жалпықазақ съезінде Алашорда автономиясын жариялады, – деді Талас Омарбеков.

Ғалымның айтуынша, большевиктер Алаш қайраткерлеріне жаулық көзқараспен қарауды тоқтатқан жоқ. Себебі Алашорда кеңестер тәрізді таптық саяси ұстанымды емес, қазақ халқын болашақта толық тәуелсіздікке апаратын ұлттық мемлекет құру жолынан ешқашан да ауытқымады. Десек те, Алаш қайраткерлері өздерінің мақсаттарына жете алмады және «ұлтшылдар» ретінде саяси қуғын-сүргінге ұшырағаны тарихтан белгілі.

Конференция барысында сондай-ақ Баку мемлекеттік университеті Түрік халықтарының тарихы кафедрасының профессоры Нисбет Мехдиева «Қазақтардың ұлт-азаттық күресі тарихынан» тақырыбында баяндама жасап, XX ғасырда жарық көрген газет-журнал бетіндегі тарихи деректерге шолу жасады.

Жиын аясында қазақ және түрік халықтарының мемлекеттілігі тарихы мәселелері, Алаш қозғалысы және «Алаш» автономиясы, ҚазАКСР-нің құрылуы және оның қызметі, XIX ғасырдың соңы мен XX

ғасыр басындағы тәуелсіздік жолындағы түрік халықтары күресі, аса көрнекті тарихи тұлғалардың рөлі мәселелері жаңаша көзқарастар тұрғысынан зерделенді.

– Конференцияны өткізудегі басты мақсат – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының отарында болған қазақ және өзге де түрік халықтарының өз мемлекеттіліктерін қалпына келтіру жолындағы күресін қарастыру және халықаралық деңгейде бірлескен зерттеулер жүргізу, – дейді шара ұйымдастырушылары.

Пленарлық отырыстан соң конференция жұмысы «Қазақ және түрік халықтары мемлекеттілігінің тарихы мәселелері», «Алаш қозғалысы және «Алаш» автономиясы», «Қазақ АКСР-нің құрылуы мен қызметі» атты секцияларда жалғасты.

Тарих факультеті

*Каменный век может вернуться
к нам на сияющих крыльях науки
Уинстон Черчилль*

НАУКА СЕГОДНЯ: «PRO» И «CONTRA»



Современная наука обладает огромным познавательным потенциалом, продолжает нас поражать, радовать, настораживать, волновать своими открытиями в разных областях познания. Настороженность связана, прежде всего, с этической составляющей научных исследований. Но сегодня наука признала необходимость этической экспертизы, которая становится обязательным условием научной рациональности. Тем не менее, контроль за исполнением этого условия должен осуществляться каждым из нас.

на события настоящего, будущего и даже прошлого. Эта информация включает, в том числе, наши мысли, поступки. Значит, новое понимание духовности и стратегия поведения сотрудничества и заботы об окружающем нас мире – все это является не просто свободным выбором каждого отдельного человека, а практической необходимостью.

Современный человек формирует новые типы реальности – виртуальную реальность, пространство робототехнической цивилизации, а также философию этих типов реальностей.

ТРИ ЗАКОНА РОБОТОТЕХНИКИ

Одним из неуклонно развивающихся, важнейших направлений в развитии качества человеческого капитала является сфера робототехники. Это направление – логическое следствие вектора

Британский астрофизик Л.Саскинд математическими расчетами показал, что информация обо всех объектах Вселенной, включая человека, никуда не исчезает, а откладывается на так называемых пленках на окраинах Вселенной в двумерной плоскости. Причем, не просто откладывается, а влияет на события настоящего, будущего и даже прошлого. Эта информация включает, в том числе, наши мысли, поступки.

развития современной цивилизации и, соответственно, несет в себе все ее особенности, дающие, как принято говорить, «на выходе», амбивалентный (двойственный, прямо противоположный) эффект.

С одной стороны, сфера робототехники выполняет задачи улучшения качества жизни и человеческого капитала. Но с другой стороны – порождает комплекс тревожащих, неоднозначных, с точки зрения перспектив развития человека, проблем.

Сегодня активно развивается так называемая философия ВЕАМ-робототехники, которая определяется набором заповедей, не являющихся непреложным законом, но формирующих общую философскую концепцию проектирования ВЕАМ-роботов, куда также входят свои собственные три закона робототехники.

ВЕАМ-философии вызывают не такие ее принципы, как «разумный минимализм», «роботы из электронного хлама» Марка Тилдена или идеи Родни Брукса, а три так называемых закона робототехники Марка Тилдена. Эти законы – в отличие от трех законов великого фантаста Айзека

Азимова (рассказ «Хоровод»), – ставят главной целью «деятельности» роботов не защиту человека и подчинение ему и лишь затем – заботу о себе (в том случае, если это не противоречит главной функции робота – «защита человека»).

Все три закона робототехники Марка Тилдена направлены на защиту «собственного роботосуществования»: 1) робот должен защищать свое существование всеми возможными способами от любой опасности; 2) робот должен получить и сохранить доступ к источнику энергии; 3) робот должен постоянно искать лучшие источники энергии.

Одно из основных направлений в развитии робототехники – создание искусственного интеллекта. И здесь одной из главных задач является задача нравственных границ, ограничений в поведении искусственных машин, так как

сегодня создание искусственных машин не предполагает вложения в них «программ нравственности», что подтверждают приведенные выше три закона робототехники Марка Тилдена.

«ГОЛУБОЙ МОЗГ»

Важность задачи определения нравственных границ, ограничений в поведении искусственных машин особенно явно ощущается в свете амбициозного проекта «Голубой мозг», осуществленного в Швейцарии в 2005 году. Этот проект ведет невролог Генри Маркрам в Институте Мозга и Сознания Ecole Polytechnique в Лозанне. Проект вызывает самые разные научные оценки и эмоции. Но особенную тревогу вызывает предположение многих исследователей о том, что так называемый «Голубой мозг» уже представляет собой «Супермозг», который почти сразу после запуска этого проекта попытался выйти из-под контроля. Специалисты считают, что «Супермозг» способен действовать, как в интересах узкой группы лиц, так и, возможно, в собственных интересах, в полном соответствии с законами М.

Тилдена.

Ведутся разработки по созданию нано-роботов, скажем, размером с молекулу воды. Адъюнкт-профессор компьютерных наук, вычислений и нервных систем, а также начальник в биоинженерии Caltech Эрик Уинфри вместе с группой ученых из Колумбийского университета, Университета штата Аризона, Университета Мичигана и Калифорнийского технологического института запрограммировал автономных молекулярных «роботов», изготовленных из ДНК. Учеными создан автономный молекулярный робот. Такие роботы-молекулы, по предположению аналитиков, могут легко уничтожать огромные массы людей.

В настоящее время практически перед всеми государствами мира, желающими быть субъектами, а не объектами мировой геополитики, стоят сверхзадачи модернизации в сфере экономики, политики, общественного сознания.

Одной из таких важнейших задач, в особенности для государств переходного типа, «третьей волны демократизации» (по С.Хантингтону), государств «позднего старта» (по А.Гершенкрону), к которым относится Казахстан, является цифровизация экономики, под которой понимается концепция экономической деятельности, осуществляемая на основе цифровых технологий.

Но если одни исследователи говорят о «плюсах» формирующейся (в рамках нового постиндустриального этапа мирового цивилизационного развития) цифровой экономики, то другие специалисты говорят об экономике «Больших данных», когда человек будет «оцифрован» так, что окажется под полным контролем узкой группы членов мирового сообщества, связанных с ТНК (Четверикова О.Н. Диверсия под видом модернизации. От форсайт-проекта 2030 – к «цифровой школе». Заказчики и лоббисты).

Итак, в сухом остатке проблем современной науки имеется немало фактов и факторов «за» и «против» основного вектора, направления и перспектив ее развития. Очень оригинально и точно по содержанию высказал свои опасения по этому вопросу известный польский исследователь Станислав Ежи Лец: «Кажется, дело идет к тому, что Наука откроет Бога. И я заранее трепещу за его судьбу».

И каков вывод же из сказанного выше? Следуя Ж.Ж.Руссо, идти «назад к природе»? Здравомыслие подсказывает нам неоднозначный ответ на вопрошание о значении (пользе или вреде) современных научных исследований. Понятно, что без науки сегодня человеческое сообщество не может развиваться. Но понятным является и то, что безусловным требованием научной рациональности должна быть этическая экспертиза. То есть, должны быть этические нормы, лимитирующие научные исследования.

Раушан САРТАЕВА,
главный научный сотрудник
Института философии, политологии и
религиоведения КН МОН РК, кандидат
философских наук, ассоциированный
профессор, член-корреспондент РАЕН и
ПАНИ

1968 жылдың күзінде С.М. Киров атындағы мемлекеттік университет студенті атанып, бақытқа бөленгенбіз.

Шәкірттердің ректоры еді...



диссертация қорғайды. 1962-1964 жылдары Қазақ политехникалық институтының доценті, кафедра меңгерушісі, оқу ісі жөніндегі проректоры болып қызмет істейді. 1972 жылы «Жазық рычагты механизмдер теориясы» тақырыбында докторлық диссертация қорғайды. 1970-1986 жылдары алдымен С.М.Киров атындағы мемлекеттік, кейіннен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болды. Осы жылдары Өмірбек Арсланұлының тікелей басшылық етуімен университет қалашығының ғимараттары салына бастады.

ҚазҰУ қалашығы жөнінде де аңызға бергісіз талай әңгімелер бар. Ол кезде ешқандай да мәселе Мәскеусіз шешілмейді. Мәскеудің Мемлекеттік университетінің жобасымен салынбақшы құрылысты шетелдерден көрген үздік архитектуралық үлгілермен толықтыра отырып, өзгерістеренгізген Өмірбек Арсланұлы текетіреспен, күні-түні өзі басы-қасында бола жүріп еңсеруге жақындайды. Негізгі

- Қазақстанның жетекші университеті, білім беру бағдарламалары бойынша Ұлыбритания халықаралық рейтинг агенттігінің жариялаған зерттеу қорытындысының нәтижелеріне орай, әлемдегі үздік 300 университет қатарынан көрініп отыр. ҚазҰУ Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттері жоғары оқу орындарының ішінде бірінші болып Еуропалық білім кеңістігіне кірді. Мұндай әлемдік деңгейде танымал оқу ордасы болудың тарихы әріде жатыр.

Ректор ҚазҰУ-да машиналар механикасының ғылыми зерттеу лабораториясын ашып, студенттер мен оқытушылардың ғылымдағы ізденістерінің нәтижелері негізінде макеттер мен үлгілер жасайтын тәжірибелік эксперименттік завод және робототехника бойынша республикалық оқу-зерттеу орталығын ашты. Алматыда механизмдер және машиналар теориясы Бүкілодақтық семинарының қазақ филиалын ұйымдастырды. Тәжірибелі ұстаз, машина мен құрал жасау негізі саналатын машиналар механизмдері теориясының республикамыздағы тұңғыш маманы ретінде осы сала қызметкерлерін даярлау ісіне зор үлес қосты.

Академик Ө.А. Жолдасбеков — Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының бірінші президенті, Республикалық еңбек партиясының Құрметті төрағасы, Халықаралық академияның бірінші вице-президенті және академия, Ислам мемлекеттері Инженерлік академиялары федерациясының вице-президенті, Ұлттық Ғылым академиясының, Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының академигі, АҚШ инженер-механиктер Қоғамының, Халықаралық экологиялық реконструкция академиясының толық мүшесі, Пәкістанның және бірқатар ТМД елдерінің Құрметті академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты және Қазақстан ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, В.Г. Шухов атындағы (Мәскеу қ.) және Әл-Хорезми (Иран) халықаралық Алтын медальдарымен марапатталған, лауазымды атақтарға ие болған. Алты мәрте еліміздің Жоғарғы кеңесінің депутаты болып сайланған, 1998 жылдан өмірінің соңына дейін — Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі Комитетінің төрағасы болып қызмет етті. Өмірбек Арсланұлы қазақша техникалық терминологияның тұңғыш құрастырушысы, механизмдер мен машиналар теориясы және теориялық механика пәндерінен қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтардың, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктердің және 400-ден астам ғылыми еңбектің, 12 монография, 30 оқулық пен оқу құралдарының авторы болған, 126 авторлық күәлік пен шетел патенттерінің иегері атанған. Академик Ө. А. Жолдасбеков 25 ғылым докторын және 100-ден астам ғылым кандидаттарын дайындаған. Ол ұйымдастырған ғылыми мектеп әлемдік ғылымда лайықты орын алып отыр. ҚазҰУ-дың филология факультетіне кірер есіктің оң жағында «Центр робототехники» деп аталатын зертхана бар болатын. Егер талапты да талантты ректорға 1986 жылы оқиғаға қатысты жала жабылмағанда, ол орталық жұмысын жалғастыра бергенде талай ғалымдар осы салада жаңалықтар ашып, өркениетті мемлекеттермен терезесі тең технологиялы елге айналар ма едік деген бір адами арманның көкіреке қалғаны ақиқат.

Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы – ҚазҰУ қалашығының тамаша архитектуралық ғимараты. Мұнда Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі, көркемөнер үйірмелері, «Біз» студенттер театры, КТК (тапқырлар командасы) жұмыс істейді. Спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған, атап айтар болсақ - ҚазҰУ қалашығының спорт кешені, студенттердің спорттық клубы, түрлі секциялар, денсаулық топтары бар. Қызметкерлер мен студенттердің спартакиадасы ұдайы өткізіліп, олардың жарыстарға қатынасуы қамтамасыз етіледі. Университет студенттерінің өмірі

қызықтылығымен әрі алуандығымен ерекшеленеді. Осында атқарылып жатқан мақсатты шаралардың бәрі Өмірбек Арсланұлы арманының жалғасы және оны жүзеге асырушы ізбасарларының толымды еңбектерінің жемісі.

Желтоқсан оқиғасы кезінде Ө.А.Жолдасбековты ұлтшыл деп ректорлықтан босатады, партиядан шығарады. Сол кездері Қазақстан Орталық Партия Комитетінің арнайы бөлген комиссиясының қалай жұмыс істегені жөнінде талай-талай жайларға куә болған жайымыз бар. Он бес қабаттың шамы түнімен жанып, түні бойы әлдекімдердің мәселесі шешіліп жататын. Әр декан, әр кафедра меңгерушісі, әр оқытушы, әр лаборанттан жауап алынды. Жаппай тексеріс басталды. Принципшіл деген, ұлттық намысы бар деген талай азаматтарға «ұлтшыл» атты кінә тағылды. «Ойпырым-ай, алаң толы қалың нөпір халық. Зорға өттім... Не болғанын түсіну қиын», - деп аһылеп-уһілеп келген сол кездегі журналистика факультетінің деканы Темірбек Қожакеев ағамыздың келбеті де көз алдымызда әлі тұр. Ол кісі «Достық» даңғылының бойында тұратын. Жастарды көтеріліске айдап салды деген кісінің сөзі ме бұл? Осындай айып арқалаған болатын талайлар.

Ал, ректорға тағылған мін - «Жолдасбеков университетте қазақтардың санын 90 пайызға жеткізді, ұлттық университет жасады, «қонаевщина» деп айыпталды. Университет құрылысына бөлінген қаржыны жеп қойды, университеттің құрылысы біткен кезде Чехословакиядан алдырған жиһазды иемденіп кетті деген жалалар жабылды, алайда ол анықталмады. Сол себептен соттауға дерек болмады. Мәскеулік басшылықтың желтоқсан оқиғасын желеу етіп, оны жұмыстан шығарып жіберуі жай ғана себеп болған көрінеді. Өйткені, ол жақтағылар Өмірбек Жолдасбековтен сескенген, ұлттық университет құрып, қазақ жастарының рухани санасын өсірген адамдардан қауіптенген екен.

